

**ОРЫС ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ  
ІШКІ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ  
ҚАТЫСТЫ ТАРИХЫ ХАҚЫНДА (XVIII Ғ. II ЖАРТЫСЫ)**

**Исенов Ө.И., Тапаева А.Б.**

*Тарих – өз жүрісінен адаспайды.*

*Сәбит Мұқанов*

XVIII ғасырдың II жартысындағы Ресей империясының қазақ хандығының сыртқы және ішкі саяси қатынастарының жағдайына қатысты жинаған мұрағат деректерінің мәліметтері орыс жазба деректері бойынша кеңестік дәуірден бастап, арнайы жинақ болып басылып шығып бүгінде көпшіліктің игілігіне айналды [1].

Орыс жазба дерегінде, Орта жүз жөніндегі саяси ұстанымдары мынадай болған: «Орта жүзді қытай қарауына өтіп кетуден тежеп ұстау; қазақтардың қытаймен байланысының әр қадамы туралы нақты, дәл мәліметтік саяси маңызы бар ақпараттар алып отыру. Ол үшін, «қазақтардың жерік асы» ретінде Абылай сұлтанға жалақы тағайындап, Атығай Құлсары тархан мен оның баласы Құлеке батырларға сыйлық беріп қою керек. Сонымен қатар сенімді татарлар арқылы Абылай сұлтанмен және батырлармен үзбей байланыс жасап тұру қажет» – делінген [2;607]. Абылай мен Ежен хан арасындағы жағдай оңалғаннан соң, Ресей патша үкіметі қазақ қарым-қатынасына, соның ішінде Орта жүз ұлысына басқаша көзқараспен қарауларына сол кездегі Абылай сұлтан мен Қытай хандығының арасындағы сыртқы саяси қатынастарының жақсаруы Ресей патша өкіметін бейжай қалдырмаған. Осыдан кейін патша үкіметі Абылай сұлтанмен қарым-қатынас жасаудың тиімді мәмілегерлік жолдарын өздерінше іздестіре бастайды. Бұған басты себеп, Абылай ұлысымен Қытайға бодан болса, Қытай шекарасын кеңітіп, Ресейге жақындатады. Ресей үшін Қытай мемлекетінің қауіп төндіретін күш болатыны мәлім. Осындай ойдан қауіптенген Ресей патшалығы Орта жүздің ұлысын өз уыстарына түсіріп, шығармау үшін айла

шараларын жүзеге асыруға жұмыстанды [3; 78].

Орыс жазба дерегіне жүгінсек: «1763 жылдың ақпанның 25 жұлдызында Сібір губернаторы құпия кеңесші Соймоновтың Мәскеуге кетуіне байланысты солтүстік шегара бойының билігі Генерал-майор Фрауендорфқа тапсырылады. Империялық, қалыптасқан тәртіп бойынша шегара шебіндегі жағдайларды Сыртқы істер алқасына жолдаған мәліметтік хаттары дистанция бастықтарының хабарлауы бойынша, Ресейдің қазақтармен шегарасындағы жағдайды үнемі назарда ұстап, жазбаша түрде хабардар етіп отырған [2;646].

Бұл жөнінде Орта жүздің Сұлтанмәмет сұлтанға қарайтын қыпшақ ұлысындағы Оразмәметке ресей патша үкіметі тарапынан тархан атағын берген. Патша үкіметі қарадан шыққан атақты елге танымал батыр билерге тархан атағын беру арқылы қазақ тархандарын орыс-қазақ қатынастарына тарту саясатын ұстанды. Патша үкіметі халықтың арқа сүйер ел қорғаны батырлар институтын жою арқылы рухсыздандыруды көздеген империялық саясаттарын жүзеге асыру мақсатында старшын, тархан, бас сатршын, харунжи, есауыл, т.б. әлеуметтік институттарды қазақ қоғамына енгізе бастады.

Оразмәмет тархан орысша тәп-тәуір тіл білген, сол уақытта орысша едәуір сауаты бар болғандығынан, патша үкіметінің тарапынан тархан атағын беріп, орыс-қазақ қатынастарына тартқан. Оразмәмет тархан Ертіске таяу аймақта, Железин бекінісінің маңайын жайлаған. Оразмәмет тарханның айтуы бойынша жазбаға түскен деректе, Абылай мен Сұлтанмәмет сұлтандар, Атығай руының Құлсары тарханы мен Құлеке батырлары өз елде-

рінде беделді, Ресей жағы оларды мойындап, әсіресе Абылайды бүкіл Орта жүздің билеушісі ретінде таныған. Дегенмен, Абылайдың беделі, артықшылығы белгілі болғанымен, оның билігі негізінен, өзінің Атығай руына ғана жүретін болса керек. Оның мәнісі мынада: Орта жүзде Найман, Арғын, Уақ-Керей және Қыпшақ деген басты-басты төрт ру бар. Олардың ішінде саны көбі, әрі жауынгері – Арғындар. Арғындар өз ішінде он аймаққа, немесе ұлысқа бөлінеді. Мұнда жаз айларында Түркістаннан Әбілмәмбет хан келіп тұрады.

Өйткені арғынның ішіндегі ең күштісі – Қаракесек ұлысы. Оның барлық билігі Қазыбек бидің қолында. Қазыбек би бүкіл Орта жүзде ең басты би болып табылады. Оған Әбілмәмбет ханның өзі, сондай-ақ, Абылай сұлтан, басқа да ұлыстардың сұлтандары мен ел ағалары жыл сайын келіп, әр түрлі кеңестер алып тұрады, тіпті Қазыбек бидің келісімінсіз сол кезде Орта жүзде бірде-бір маңызды мәселе шешілмейтін болған [2;647]. Мұның өзі сол кездегі қазақ қоғамындағы дәстүрлі билер институтының билігінің жақсы сақталғанын дәлелдей түседі.

Осы жағдайларды біліп алған Генерал-майор Фрауендорф шынындығына көз жеткізу үшін, Арғын руындағы жағдайларды білу әрі ондағы атақты Қазыбек би туралы нақты мағлұматтар алу мақсатында, Оразмәмет тарханға Сұлтанмәмет сұлтанның қасындағы татар Айдар Сафаров тілмәшті қосып сол өңірде қашып жүрген Жайық казак-орысын іздеуге барғанын сылтау етіп арнайы тапсырмалар бойынша барып қайтуға Орта жүзге жіберіп алады.

Қазыбекпен жүздесуге Оразмәмет тархан келісмін береді. Өзімен бірге тілмәш А.Сафаровты апарып-келу жауапкершілігін мойнына алады. Аттанар алдында, Сібір шебінің қолбасшысы Фрауендорф Оразмәмет тарханға түсіндіріп, өзінің атынан Қазыбек биге мына сөздерді айта баруын тапсырады:

Қазақтың Орта жүзі, міне, 30 жылдан астам Ресейдің қоластында. Арғын

рулары Орынбор бекінісінен тым шалғай жатыр, ал, бұл күнде біздің Ертіс бойындағы бекіністерімізге таяу көшіп барып жүр. Демек, олар Ресей патшасының тағына Екатерина Алексейқызының отырғанын біле ме екен? Білсе, патшаға адалдық антын беруі керек. Орта жүздің мұндағы Абылай және Сұлтанмәмет сұлтандары, Құлсары тархан және Құлеке батырлары, өзге де ел ағалары қарауындағы халқымен ант берді. Сібір шебінің қолбасшысы Фрауендорф мырза, Ертіс шебіне және өзенге таяу көшіп келсе, Ресейге адал екендіктеріне көзін жеткізгісі келеді.

Осы тапсырмамен кеткен адамдар – Оразмәмет тархан мен Сафаров 1762 жылғы 14 желтоқсанда Омбы бекінісіне қайтып оралады. Олармен бірге Арғын-Қаракесек ұлыстарының елге беделді он адамын бастап, Қазыбек бидің баласы Сырымбет би мен Қазыбек бидің немере інісі Отарбай келген. Олар шегара бойының басшысы, Генерал-майор Фрауендорфқа жолығып, өздерін Қазыбек би атынан келгендерін айтып, Қазыбек бидің сәлемін жеткізеді:

Қазыбек би Екатерина Алексейқызының таққа отырғанын Оразмәмет тарханнан естіп білгендігін алға тартқан. Бүкіл қазақ елі марқұм Анна Иоанқызы патшаның кезінде Ресейдің қоластына кіргенде, Қазыбек би өзінің Арғын руымен патшаға адалдық танытып, ант берген. Қазыбек би сол пейілінен қайтқан жоқ, өз ұлыстарының бүкіл ел ағаларымен қосылып, сол адалдығын тағы да бекітпек ойы барын жеткізген.

Қыс қатты болып, қар қалың түскендіктен әрі өзі қартайғандықтан (сол кезде Қазыбек би 96 жаста), көктемде болмаса, қыс ішінде келе алмайтындығын жеткізген. Сондықтан, Сырымбет би бастаған он адам Қазыбек би үшін де, қазақтың басқа ел ағалары үшін де олар желтоқсанның 15-і және 22-і күндері ант берген [2;648].

Жоғарыдағы сәлеміне қоса, Қазыбек би өзінің ұлы Сырымбет пен Байназар биді патша сарайына Оразмәмет тарханға қосып аттандыруды сұраған екен.

Ал, Қазыбек бидің ұлы Сырымбет пен Байназар бидің алыстағы Мәскеуге баруының ыңғайы келмейді. Өйткені, патшаның таққа отыру және тәж кию салтанаты бұрынырақ өтіп кеткенін айтты. Салтанатқа қиырдағы көптеген халықтардың өкілдері, олардың ішінде Кіші жүздің Нұралы ханы мен Орта жүздің Абылай және Сұлтанмәмет сұлтандарының өкілдері барып қайтты. Сондықтан, Қазыбек бидің бұл тілегін орындауды кейінгі бір сәтті мезгілге қалдырдым, – деп жазады [2;648].

Арғын руының және Қазыбек бидің жағдайы туралы Сырымбет пен басқа да игі жақсылардан, алдымен жеке-жеке сұрап, соңынан бәрінің басын қосып, әңгімелесіп, олардан білгені: Біріншіден, жасы 96-ға келіп отырған Қазыбек би Орта жүзде атақты әрі әлуетті би санатында. Арғын ішіндегі қалың Қаракесекте оның әкесі және аталары әрқашан би болып келген. Арғын арасында сұлтандар ел ағасы болып өте сирек сайланады. Оған дәлел, қазір он ұлыстан тұратын Арғын руында екі-ақ сұлтан бар. Олар: Төртруыл ұлысындағы Тәуке сұлтан, сол кезде Түркістанның жартысын билеп тұрған Сәмеке ханның ұлы Есім ханның ағасы; ал, Алтай-Қарпық-Арғын ұлысында Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіс, сұлтан болып отыр. Бұлардың бірде-біреуі Қазыбек бидің кесімі мен келісімісіз маңызды мәселе шеше алмайды. Екіншіден, олардан сұрағаны: осы Қазыбек би, өзінің бүкіл ұлысымен Ресей патшасының қоластына қарағалы көп уақыт болыпты. Соған қарамастан соңғы 20 жылдан бері не Орынборға, не Сібірдің басқа бекіністеріне өздерінің адалдығын бекітіп, қайтадан ант беруге неге келмеген?

Ал, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан, өздеріне қарайтын ел ағаларымен Ор бекінісіне құпия кеңесші сенатор И.Неплюевке шақырылып, Елизавета Петрқызы патшаға адалдық анттын берді ғой. Қазыбек би ол кезде жоңғар ханымен соғысқан жоқ, соған қарамастан, өзі келмей, патшаға ант беруге Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға бірнеше ел ағасын қосып, хат жазып қана жібергені қалай?

Сөйтсе, ол жолы Әбілмәмбет хан да, Абылай сұлтан да қызғаныш білдіріп, Қазыбек би жіберген ел ағаларын И.Неплюевке жолатпаған, тіпті Арғын руын, бүкіл Қаракесегімен Қазыбек биді Ресей жағына танытпас үшін, Қазыбек бидің хатын да тығып тастаған. Содан бері Әбілмәмбет хан да, Абылай сұлтан да патша ағзамнан Орта жүзге келген бұйрық хаттарды Қазыбек биге неге жеткізіп отырмаған, тіпті Екатерина Алексейқызының таққа отырғанын мен жіберген Оразмәмет тархан мен тілмәш Айдар Сафаровтан ғана естіп отыр. Демек, Қазыбек би жаңа патшамызға ант беруі керектігінен мүлде бейхабар қалған.

Біздің білуімізше, Орта Жүздің өз ішінде береке-бірлік жоқ көрінеді. Есім сұлтан Түркістаннан Әбілмәмбет ханды қуып шығыпты. Ол жақта қазақ арасында болған тілмәш Гордеев пен татар көпесі Возмилов осылай деп келді.

Алайда, Ресейге дұрыс қарайтын және Сібір шебіне таяу аймақты жайлайтын қазақтың ел ағалары Абылай, Жолбарыс және Сұлтанмәмет сұлтандардан, Құлсары тархан және Құлеке батырлар мұндай әңгімелер естігіміз жоқ. Сібір шебінің қолбасшысы Фрауендорфпен кездескенде, олар ел ішіндегі жағдай туралы жұмған аузын ашпайды [2;649].

Қазыбек бидің атынан келген ел ағалары ресей әкімшілігіне төмендегі жағдайларды да жеткізген:

Орта жүздің ханы Сәмеке өлгеннен кейін, Орта жүзге сол кезде Әбілмәмбет хан болып сайланған. Содан кейін, ол Түркістанға да хандыққа шақырылған, алайда, маңайындағы қалашықтардың халқы жасырын мәміле жасап, Түркістанға бұрынғы Сәмеке ханның балаларының біреуін хандыққа сайлап алғысы келген. Сөйтіп, Сәмекенің кіші ұлы Есім сұлтан Түркістанның шығыс жағын иеленген. Ал, Түркістан маңындағы қалалардың тұрғындарынан Әбілмәмбет хан пара ала берген соң, елдің берекесі кеткенін пайдаланған Есім сұлтан, өзінің жақтас-тарымен қосылып, Әбілмәмбетті қуып шыққан. Осылайша, Әбілмәмбет хан Түркістаннан кетіп, Арғын арасында, Алтай-

Қарпықтағы өзінің ұлы Әбілпейісті және Қара-кесек Қазыбек биді паналаған.

1762 жылы көктемде, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан, сондай-ақ Орта жүздің басқа да ел ағалары Қаракесек ұлысында, Қазыбек бидің алдында бас қосып, Әбілмәмбет ханды Есім сұлтанмен татуластырып, былай шешкен: «Әбілмәмбет хан да, Есім сұлтан да Түркістан қаласына және оның маңайындағы қалашықтарға хандық құрсын; ол үшін Түркістан мен оның жанындағы қалашықтар екіге бөлінсін. Қаланың бір бөлігі өзінің қақпасымен, сол бағыттағы қалаларымен Әбілмәмбет ханға; ал екінші бөлігі екінші қақпасымен, сол бағыттағы қалаларымен Есім сұлтанға бағынатын болсын». Осы ұйғарымға сай 1762 жылдың күзінде Әбілмәмбет хан Түркістанға қайтып келіп, өзіне тиесілі иеліктерге билік етті.

1762 жылы Орынбор тілмәші Гордеев Абылай сұлтан мен басқа да ел ағаларынан ант алу үшін жіберілген. Абылай сұлтан Кіші жүз бен Орта жүздің көп адамдарын жинап, Бұхара мен екі арада жатқан Қарақалпақ еліндегі түркімендерге соғыспен бармақ екен, деген хабар алады. Ол, дәлірек айтқанда кіммен, не үшін соғыспақ деп сұрағанында, Қазыбек биден келген ел ағалары айтқаны: Абылай сұлтанның қызын алған күйеу баласы Бөрі сұлтан мұның алдында төменгі қарақалпақтарға хандыққа сайланған екен. Сол елдегі ішкі қақтығыс кезінде қарақалпақтар Бөрі сұлтанды өлтіріп тастайды.

Күйеу баласы үшін кек алмақ болған, Абылай сұлтан Арғындардан, Қаракесектен өзіне көмекке әскер сұрапты. Қаракесектер оған кісі бермеген. Абылай сұлтан мен Кіші жүздің Ералы сұлтаны былтыр күзде қыс түсе, басқа рулардан әскер жасақтап алып, қарақалпаққа кетеді.

Тілмәш Гордеев пен көпес Возмиловтың айтуынша, Қытай әскері Бұхарамен соғыс ашу үшін, өзіне көмекке Орта жүзден әскер күшін, мініс аттары мен ірі-кара, сондай-ақ әрбір түндіктен бір пұт-

тан құрт беруді талап етіпті. Қытайдың адамдары сондай талаппен Орта жүзге келуі анық. Бірақ, Арғын руынан да, Орта жүздің басқа аймақтарынан да қазақтар қытай жағына ренішті болғандықтан, ешқандай мал немесе құрт бермепті, алдағы уақытта да бермейтіндерін айтқан.

Осыған байланысты Сібір шебінің қолбасшысы Фрауендорф оларға мынадай сұрақ қойған: Орта жүз қазақтарына қытайлар қандай зәбір көрсетті екен, бұрынырақ қазақтар жоңғарларға ғана наразы еді ғой?

Бұл сұраққа Қазыбек бидің адамдарының берген жауабы: Сарысу өзені бойындағы бұрынғы жоңғар жайылымдарына қазақтың көптеген жылқы табындары барған болатын. Қытайлар Қазыбек бидің және оның інісі Қабан бидің көзінше қазақтардың Сарысудағы ауылын басып қалып, жылқысын тартып алған, жылқышыларын өлтіріп кеткен. Кейін қазақтар өз адамдары мен малдарын қытайлардан әрең сұрап, қайтарып алған. Қазақ қолындағы тұтқын қалмақтарды қытайлар тартып әкеткен, сондай-ақ көп жылқыларын бермей қойған [2;650].

Бұрынғы жоңғар жерлерінің жағдайы қандай, көшіп кеткен Жоңғарлардың жерлерінде нақты қандай халықтар тұрады, деп сұрағанымда, қазақтар: Іле өзені бойында және Еренқабырға деген бұрынғы моңғол жерлерінде моңғолдардан жасақталған қытайдың көп әскері тұрады, қазірдің өзінде бірнеше қалалар салынған, бұл қалаларды мекен етуге бірқатар жоңғар қалмақтарына рұқсат берілген. Сол маңайдағы қазақтар қала тұрғындарымен сауда жасайды, күміске қытай тауарларын айырбастайтынын хабардар еткен.

Бұларға қоса Қазыбек бидің баласы Сырымбет би өз әкесінің атынан былай деп атап айтқан: былтыр күзде, тіпті оның алдында да Абылай сұлтанға және оның әкесі Қазыбек биге қытай Богдыханынан көп сыйлықпен елшілер келіп тұрған. Олар Қазыбек бидің елінде және сол маңайдағы басқа да ұлыстарға тоқтаған. Абылай сұлтаннан тиісті хабар келгенше,

Қазыбек би қытай өкілдерін Абылай сұлтанның еліне өткізбеген.

...Сондай-ақ өз позицияларында қазақ елшілері көнгіш болмай қытайлықтардың қазақ елдігіне деген саяси көзқарастарын қазақтармен санасып жүргізуіне ықпал ете отырып, қытайлардың қазақ даласына ілгерлеп кіруіне тосқауыл болуды ұстанды. Елшілік бағыттарындағы ұстанған мақсаттарын жүзеге асыра білген [4;107].

Өйткені, Абылай сұлтан да, Қазыбек би де Орта жүзді Ресей жағынан аулақтатып, қытайдың қоластына енгізбек ниетте болған. Ал, қытай Богдыханы, аталған сыйлықтармен қоса, жоңғардың бос қалған жерінен Қазыбек биге таңдағанынша жер бөліп беруге уағда еткен.

Алайда, орыс жазба деректері Қазыбек би, Ресей мемлекетінің күш-қуатынан қаймығып және Сәмеке ханның кезінде бүкіл Орта жүзімен Ресей патшасының қоластында болуға мәңгілікке ант бергенін есіне алып, қытайдың ұсынысына жауап бере қоймаған дейді [2; 650].

Ал шын мәнінде, шығысқа қарай бет бұрып көше бастаған Абақ керейлер мен наймандар 1757 жылдан бастап, 1830 жылға дейін Шығыс Түркістанның қазіргі қазақтар мекен етіп отырған Алтай Шыңжан өлкесінің жетпіс пайызына қоныс аударып үлгерген болатын [5;15].

Қазыбек би бұл күнде тек Ресейдің қоластында болуға берік бекінген. Өзінің Қаракесек ұлысы түгілі, бүкіл Орта жүзден бірде-бір адам қытай жағына берілмеуіне күш салады. Ресейге адалдығын айтады, тек қана алда-жалда, қытай жағы шабуыл жасап, зәбір көрсете қалса, Ресей жағы әрқашан қорған болса екен деп тілейді.

Жасы қартайып қалғандықтан, Қаракесек ұлысының билігін үлкен ұлы Бекболат пен ортаншысы Сырымбет биге тапсырған; Қазыбек би өзінің Қаракесек ұлысымен қазір Есіл өзенінің бастауындағы Далба тауларында, Ереймен тауларына жақын маңды мекендеп отырған. Ол арадан Жәміш бекінісіне қыста жеті, ал жазда үш күндік жер. Осы маңайдан басқа жаққа көшпейтіндерін мәлім еткен.

Сібір шебінің қолбасшысы Фрауендорфпен Сырымбет биді Ресейге жылы қарайды, – деп түсінген. Ресей мемлекетіне адалдықтың белгісі сол болсын, қазақтар қытайлардың бос қолпаштауына көнбей, олардың мадағы мен жалған уағдасына сенбей, жай ғана сыйлап, дәстүр бойынша құрмет көрсетіп қоя берулеріне кеңес берген.

Қазыбек биден Омбыға ант беруге 800 шақырымнан аса жол жүріп келген елшілерді құрметтеп, риза ету үшін Сібір губерниялық кеңесі атынан қазына бұйымдарынан сыйлықтар бергізген. Атап айтқанда: шұға, құрым былғары, барлығы 42 рубль 8 тиын; оған қоса Оразмәмет тарханға Ресей жағына Қазыбек биді жақынырақ таныстырғаны үшін және орыс тілмашы Айдар Сафарофты ертіп барып, асырап сақтағаны үшін, алдағы уақытта да керек болар деген үмітпен 10 рубль 11 тиынның бес аршын қызыл шұғасын сыйлайды [2; 651].

Қорыта келгенде айтпағымыз қазақ тарихына қатысты патша үкіметінің жазба деректерін пайдалануда жазбаларды талдау арқылы сараптап, дерек көзі ретінде негізге алуға болады. Бұл қазақ тарихына қатысты орыс жазба деректерінің деректік құндылығын жоққа шығару деген сөз емес. Ресей патшалық империясының отарлық көзімен қарап жаздырған орыс тарихи жазба деректерінде империялық тарихи саясаттың барын да естен шығармауымыз керек.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.; Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы) (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1964. – 575 с.; История Казахстана в русских источниках в XVI-XX веков. Русские летописи и официальные XVI - первой трети XVIII в. О народах Казахстана. / Сост., транскрипция, комментарии, вступительная статья И.В.Ерофеевой. Т. 2 – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 448 с.;

- История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759гг.) / Составление, транскрипция, скорописи XVIII в., историографический очерк и комментарии И.В.Ерофеевой. Т. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 484 с.
2. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1961. – 744 с.
  3. Ө.Исенов. Жоңғарияның жойылуындағы қытай-қазақ мәмлелгерлік саясатының мәні // Теоретико-методические проблемы права и экономики» Материалы международной научно-теоретической конференции посвященной 75-летию Султана Сартаева. – Костанай, – 2003. (76-81бб.)
  4. Ө.Исенов., Г.Исенова Орта жүз қазақтарының Қытай империясының шегіндегі ата қоныстарына қайта орналасу хақындағы Абылай хан саясаты. // Қостанай әлеуметтік академиясының ғылыми еңбектер жинағы. – Қостанай, – 2002 (13-18 бб.)
  5. Ө.Исенов., Ж.Шаукенов. Қытай-жоңғар арасындағы саяси ахуал және ондағы қазақ билеушілерінің ықпалы (XVIII ғасырдың II-ші жартысы.) // «Мемлекеттілік және Ұлы дала». Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. ҚР Президенттік мәдениет орталығы. – Астана, – 2006. (104-107 бб.)

### **Резюме**

*В статье рассматриваются некоторые проблемы внутреннего и внешнеполитического отношения Среднего жуза во II половине XVIII века в материалах русских письменных источников.*

### **Conclusion**

*Some problems of internal and foreign political relationships of Middle Zhuz in the second half of XVIII century of the Russian writing sources materials are examined in this article.*

## **ЭСТЕТИКА СЦЕНИЧЕСКОГО ПОВЕДЕНИЯ М УЗЫКАНТА**

**Шегай Ю.Г.**

В воспитании артистизма немаловажное значение имеют эстетика сценического поведения, внешние факторы, а именно: манера поведения студента на сцене, его внешний вид. Даже умение подойти к инструменту спокойно, без суеты, важность правильной посадки, необходимость поклона до и после выступления, перерыва – перестройки между произведениями программы, неуместность преувеличенных жестов и движений во время игры – все это следует оговаривать со студентом.

Культура, эстетика сценического поведения создадут самое благоприятное впечатление на слушателей, пойдут на пользу начинающему исполнителю, так как помогут ему обрести внутреннюю собранность и сосредоточенность во время игры. Стоит представить, как способный, хорошо подготовленный студент играет в целом убедительно, но не умеет

удобно и правильно сесть за инструментом, или вытягивает шею и кивает безостановочно головой, не делает перерывов между произведениями программы, не ощущает завершенности окончаний, не поклонившись, уходит со сцены – и станет очевидной вся важность момента правильного поведения на сцене. Любой музыкант должен помнить о том, что на сцене он обязан забыть о страхе и все свои мысли направить к осмыслению той музыки, которая будет исходить из-под его рук. Он должен выступить посредником между композитором и слушателем, показать лучшее, на что он способен. Проблема психологической подготовки музыканта-исполнителя к концертному выступлению – одна из важнейших тем в музыкально- исполнительском искусстве.

Нет артиста, который ни разу не пострадал от негативных форм сценического волнения. Н.А. Римский-Корсаков час-